

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VII том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№1 хаттама б қараша 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарак,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жаяупты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ә. Тарак*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Құрастырып, түсінкітерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жаяупты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Тілепов*

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VII том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жаяупты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 307 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

Жетінші томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы туралы тәуелсіздік жылдары жарық көрген таңдамалы еңбектер топтастырылған. Оларда Абайдың шығармашылық тұлғасы мен әдеби мұрасының, даналауқ ойлары мен суреткерлік өнерінің тарихи мөні мен бүтінгі күн үшін маңызы көрсетілген. Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай әлемін терең тануға талаптанған көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

Амантай ШӘРІП

АБАЙДЫҢ «ЖАЗУЫ» МЕН «АЙТУЫ»: ЖАҢА МЕНТАЛЬДІК ЖОЛЫНДА

Руханияттың ұлы реформаторы Абай Құнанбайұлы қазақ қоғамына соны сападағы, тың таралтағы дүниетанымдық жаңалықтарын енгізіп, ұлт ментальдігінің дәстүрлі де дағдылы сипаттарын қайта таразылайтын түбекейлі төңкөріс жасады. Оның бір қыры ақын мен жүртшылық арасын жалғаған үйреншікті үрдістерге көзқарасынан белгі береді.

Осы орайда Абай өз лирикасында сөз ұғы («Сөзді ұғар осы құнде кісі бар ма?»; «Мұндасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық»; «Осы елде бозбала жоқ сөзді ұғарлық»; «Сөзімді ұғар елім жоқ», т.б.) және сөз тану («Қабыл көрсө сөзімді, Кім таныса, сол алсын»; «Бұл жүрттың сөз танымас бір парасы»; «Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ»; «Әттен, дүние-ай, сөз таныр кісі болса») тіркестеріне біршама жүгінеді. Алғашқысы ақын сөзді – өнеге, өситет ренқінде жұмсайтын тұстарда кебірек қолданылса, кейінгісі сөзді – өлең, өнер рәуішінде қедеге жарататын жерлерде молырақ пайдаланады. Әрине, бұл да қатып қалған бөлініс емес; себебі өлең мәтіндерінде сөзді ұғы мен сөзді тану ұғымдары кейде талғамның (эстетиканың), кейде тәрбиенің (этиканың) өлшемдері ретінде орындары ауысып отырады.

Абай алдымен дара ақындық декларациясын жариялады. «Сонымен қатар өзінің ендігі сөзі қоғамды, халықты түзсійтін үлкен күш деп түсінеді, – дейді М. Әуезов. – Өситет өлең халық дерптінің, тарих қайшылықтарының бәрін емдең, тазартатын өзгеше құрал деп біледі».

Суреткер Абай халықты түзеп-тәрбиелеу мәселесіне табан тіреген тұста оны өзінің теңдессіз жасампаздық табысымен – эстетикалық тың принципімен, төңкөрісті платформасымен біте қайнастырады:

Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел,
Сендерге де келейн енді аяңдал.

Абай аудиториясының басым бөлігі – қағазға тұскенді көзбен түсініп, кекірекке түюші емес, ауызша айтылғанды құлақпен қабылдау дағдысындағы қауым. Сондықтан ақын әрі жазуға, (жазып отырса да) әрі айтуға мәжбүр. Мысалы, ол «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» атты өлеңінде:

Кекірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, –

деп әуелгі әңгімесін оқырманға бағыштап келеді де, әрі қарай күтпеген жерден тыңдаушыға бет бұрады:

...Шу дегенде қулагың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,
Және айта бер дейді жүргі тыным бермей.

Сөз айттым «Әзірет Әлі», «айдаһарсыз»...

Ұлы ақынның лексиконында жазу мен айту сөздерінің образ-дышқ өрістерінің осылайша ортақ семантикалық, синонимдік қатарда тоғысып-табысып жатулары – ғажайып қызық құбылыс.

Асылы, Абайға қатысты алғандағы «акын» және «тобыр» проблемасы белгілі бір дәрежеде «айтушы» мен «тыңдаушы» арасындағы қарым-қатынаспен тезге тартылмақ.

М. Әуезов ақынның «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман» өлеңдерін-дегі құлаққүйдің «қартайдық» деген сыр-сарынмен сабактаса келтірілуінің астарын былай ашады: «Бұрынғы ақылшының көбі – көріден, агадан, ақсақалдан шығады деп түсініп қалған көпшілікке өзін де солайша, жақсы етіп, тоқтаған, ой тұскен, ел мұншысы есебінде танытпақ бол, әдейі солайша бастайды. Болмаса, өз басының қажыры мен өнеріне қарасақ, ол жылдарда

(бұл шығармалар 1886 жылы жазылған – А.Ш.) өсіп, дами бастаған анық шабытты ақынның шалқып жанған жалынын сеземіз. Ол жалын – ел жайына қарап отырып ызаланып, ширыға түсіп, күйінген ердің көкірегіндегі ашулы жалын болады. Ал үлкен санадан туған қатты ашу мен қызулы жалын екеуі де кәрілік нышаны емес».

Бұлардан басқа, Абайдың, «Бір дәурен кемді күнге – бозбала-лық» (1886), «Келдік талай жерге енді» (1890), «Менсінбеуші ем нағанды» (1891), «Қайғы шығар ілімнен» (1891) атты өлеңдерінде де өзін қарттың орнына қойып сөйлейтіндігін байқауға болады.

Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп,
Жүрмесін деп, азғана сөз шығардық.

Айтып-айтып өтті қарт,
Көнбеді жұрт, не ылажы?

Қайғылы, қартаң біздей шал,
Қарай берсең, қайды жоқ?

Талас жоқ, ақынның кеменгер, көреген «айтушы-қарттың» кейпіне кіруі – ағартушылық арманын жүзеге асыру амалының, кенже қалған көпкө өлеңмен өрнектелген өнеге, өсиетін тұра жеткізу тәсілінің бір түрі.

Сондай-ақ, Абай «әдемі қартайған» абыз ақсақалдың тұлғасын «жат қораны күзеткен», «итше індеп тілеген», «басалқа сөзі жоқ», «қозғау салып қоздырғыш» кезбе шалдың сүйкімсіз, санасыз образына қарсы қояды.

Бүтінгіден бойы түршігіп, болашаққа бағдар түзеген ұстаз ақынның насиҳат-нақыл, үгіт-үлгі сөздерінің басты бөлігі қоғамның тәрбие түрғысынан икемге келгіш, илеуге көнгіш жігі – жастарға арналады. Онда да сүйегі қатайып, сезімі қасаңданып, шын түзелуден шығыңқырап кеткен «қу борбай, сымпыс шолақтарды» мінеп-мінездегені болмаса, оларға ақыл шығындаамайды.

«Айтушы-қарттың» жастар жағындағы бірінші «тыңдаушысы» – ел ішіндегі әлі де аптығы басылмаған, «көкірегі зор,

уайымы жоқ» бозбалалар. «Бір дәурен кемді күнге – бозбала-лық» (1886), «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» (1886) өлеңдерінің ерекшеліктері сол, мұнда автор жастаңды тіршілік тәжірибесіне (дос пен жар таңдау, өнер іздеу, мал табу, т.б.), қылыш пен құлыштың дұрыстығына (есі барлық, бір сөзділік, талаптылық, татулық, сұхбаттастық, сырын сыртқа жаймау, т.б.) үйретеді. Бозбала шаққа тән салдуарлық, әсем салдық, сәнкөйлық, қызды ауылға қырындау, данғойлық... – бәрі алдамшы, алмағайып нәрселер, босқа уақыт ұтқызушилық («Қартаймастай көрмелік, ойланалық»). Абай ұғымында күлкінің өзі – қарабайыр психофизиологиялық құбылыс емес, әлеуметтік-философиялық категория. Сол себепті, «кулкі – қымбат», «кулкі өзі бір мастық», жастық шақтағы «бір күлгениң – бір қаралық». Олай болса, «кулкіні онша қүйлемеу» азбал.

Ақын «Төртінші сезінде» күлкінің мән-мағына-мазмұнын жан-жакты саралаған. Оның ойынша, «кулкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғағил көп өткізіп отырса керек». Әрине, ұдайы қулкісіз құн кешіруге жан шыдамайды; оның да өз орны бар. Абайдың осы орайда айтатыны: «Және әрбір жаман кісінің қылышына күлсөн, оған рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкі – өзі де бір қайғы. Ал уайым мен қайғы – «ер қорғаны, есі барлық». Бірақ уайым мен қайғыға «қамалып қалмақ» – тағы да жөн емес; «ол өзі де – бір антүргандық». Сондықтан әуелі қулкіні уайымға жығып берсөн, соңынан уайымды келесі құтқарушы күш – «орынды харекетпен азайту» қажет. «Күлкі – уайым – еңбек» байланысының сыры осында.

Ендеше, Абайдың сұхбаттастыққа іздейтіні – «бояма күлкіден» таза, «арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік ер».

«Айтушы-қарттың» жастар тарарапындағы екінші «тындаушысы» – білім бұлағына бас койған, ғылымға талпынып ғибраттанған «жаңа өспірім, көк өрім», «тілеуі, өмірі алдындағы» қазақ баласы. Бұл ретте ақынның 1886 жылы жазылған «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба» шығармалары бірін-бірі толықтырып тұр.

Алғашқы – «Интернатта оқып жүр» өлеңінде «шаригатқа шала», тырысса – орыс тілінде «прощение» жазарлық қана шамасы бар, істің ақ пен қарасын бақпайтын «ынсансыз», «қаны бұзық», «көнілінде санасы жоқ» шәкірттердің сықпыт-сиқы сынала сипатталады. «Балам закон білді деп» далақпайлана қуанған ата-ана да бір түйреліп өтеді. Ал ақынды әлгі балалардың болашағы шошытады. Өйткені олардың оқу оқығанда жететін жері – «я тілмаш, я адвокат» болып, отаршылдардың сойылын соғатын атқамінерге айналу. Ойшыл «Бұл іске кім виноват – // Я Семейдің қаласы? // Я қазақтың аласы?» деген дилемманың арасында қалады.

Өлеңнің екінші бөлігінде Абай тікелей ақыл айтуға көшеді; мұнда ол сөзі сінімді, өнегесі өтімді болу үшін әдейі «шалақазақ» шәкірттердің «шүлдір-шатпақ» – өздеріне жақын «терминдерімен» тұздықтап сөйлеуді таңдаған секілді. Мысалы:

Военный қызмет іздеме,
Оқалы киім киоге.

Бұл – балаларды өз жұртына қару жұмсайтын қанқұйлы болып шығудан алдын-ала сактандырганы.

Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге.

Бұл – елге залалынды, зиянынды тигізбеу үшін патшалық кеңесінен жырақ жүр деп кеңес бергені.

Олардың орнына: «Алыс та болса, іздеп тап, // Кореннойга кіруге», – дейді ақын. Біздіңше, коренной русизмі бұл арада «өз елін», «туған жұртың, тұрғылықты жерің» деген мәністі мензейді; сонда одан «қиналсан да, халқыңа қызмет қылыш», «счетиң тұра» келетін бейтараптың жолы бар; ол қалса, өз бетінмен «занимайся прямотой» дейтін тәуекелдін тарабы да жоқ емес дейді.

«Интернатта оқып жүр» өлеңімен ақынның «Жиyrма бесінші сөзіндегі» идеялар сабактасып жатыр.

Ертең қызмет жолын қуатын шәкірттерге Абай жоғарыдағы-дай тағылымын табыстаса, екінші – «Ғылым таптай мақтанба» атты өлеңінде ол алдымен өскелен ұрпакқа «бес дұшпан» (өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпак), «бес асыл» (талап, еңбек, терен ой, қанағат, рақым) не екендігін тарқатып түсіндірген соң, «дүние де өзі, мал да өзі» – ғылымның жолына түскен жастарға арнауын айтады. «Галым болмай немене, Балалықты қисаныз?» деп, ақын шын ғалымдықтың шарттарын санамалап шығады, олар: жамандықтан жирену, жақсылықтан үйрену, білгендердің сөзіне махаббатпен еру, кез келген іске «ақыл – мизанды» өлшеу қылу, надандарға бой бермеу, көп орында көріне айтпау, сөзге ермеу, т.с.с. Өлең:

Мұны жазған, білген құл –
Ғұламаһи Дауани,
Солай депті ол шыншыл.
Сөзін оқы және ойла,
Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көңіл – гул, –

деген жолдармен аяқталады.

Байқаған боларсыздар, Абай өзін карттың орнына қойып сөйлегені секілді, тағы да бір тиімді көркемдік-дидактикалық тәсілді тауып отыр. Біріншіден, окушы (тыңдаушы) қазақ ақының Ғұламаһи Дауани деген данышпанның енбектерімен таныстырын ескереді. Екіншіден, өз насихатын жүртқа «біз айта береміз ғой, баяғыда еткен бір атақты ғұлама былай деген екен» деген кішік жолмен ұйытып барып ұғындырудың әсері әдеттегі құр угіт, құрғақ ұндеуден әлдеқайда мықты шығатыны мәлім. Эйтпесе, осы өлеңіндегі ойлы оралымдарды, тартымды тіркестерді Абай өзі жүгінетін Ғұламаһи Дауанидан түп-тура, сөзбе-сөз, қаз-қалпынша алып пайдаланбағаны аян. Үшіншіден, ұстаз ақын шәкірттерді алдыңғы өлеңінде орыстың ұлы жазушылары Салтыков пен Толстойды білуге бағыттағанындей, ендігі кезекте Ғұламаһи Дауани сияқты Шығыстың ірі философын да танып-түстеге талабына шақырады.

Жастар жайын теренде жырлаған Абай бұдан былай да атальыш тақырыпқа арасында сан айналып соғып, оның аясына кіретін мәселелерді таным-тәжірибесіне қарай көнекте суреттеп, көркейте сипаттап отыруын толастатпайды. Мысалы, «Заман ақыр жастары» (1891), «Жас еспірім замандас қапа қылды» (1891) өлеңдерінде ақынның зәрлі де зарлы сыншылдығының сырлары таңбаланса, «Жастықтың оты жалындар» (1891), «Әсемпаз болма әрнеге» (1894), «Куанбаңдар жастыққа» (1901) туындыларында ағартушылық арнадағы сарындар жалғаса жаңғырады.

Жастық – болашақтың болжамды бейнесі. Данышпан ақын өз өлеңдерінде «ақыл – жүрек – қайрат» триадасы жарасым тапқан жанның келбетін көксеп, оның кемел тұлғасын келешектің төрінен көрді. Ол мезгілсіз қыршынынан қылған перзенті Әбдірахманға арнаған жоқтау жырларында («Арғы атасы қажы еді», «Тұла бойын ұят-ар еді», «Жиырма жеті жасында», «Талаптың мініп тұлпарын», «Бермеген құлға қайтесін?», «Жылағанды тоқтатып», «Айналайын құдай-ау») «жана жылдың басшысы» болатын адамның идеалын сомдады.

Абай өз замандастарының арасынан – «жалғыз-жарым болмаса анда-санда» – аңсарындағы жақсыны, арманындағы жайсаңды жолықтыра алған жоқ. «Соқтықпалы, сокпақсыз» жерде өсіп, елден «етекбастыны көп көрген» кеменгердің жалғыз жүріп алысқан «мың»-ының құрамын қараңыз: «әбілет басқан елерме», «сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсексызар, жалмауыз», «құлқішіл керден надан», «сәнкөй, данғой, ойнашы, керім-кербез», «көзінен басқа ойы жоқ», «сыпыра елірме, сұрқия, көп пияншік», т.с.с. Осындай азғын ортада «айтушы» мен «тыңдаушы» проблемасын, сондай-ақ бұзылған жүртты түзету талабын ақынның пайдасына шешіп берерлік шарттар шала, шикі күйде еді. Сондықтан оның өлеңдерінен торығу, түнілу сарындарының ұдайы ұшырасып отыруы таңданыс туғызбайды:

...Тыңдаушымды ұғымсыз
Қылыш тәнірім берген-ді.
Осы жасқа келгениш,

Өршеленіп өлгениші,
Таба алмадық бір адам
Біздің сөзге ергенді.

...Тұзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтыш.

Таппадым көмек өзіме,
Көп наданмен алысып.
Көнбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарысып.

Тірлік кешкен тузынан ойы озып, үғымы ұзап кеткен даналардың талайының тағдыр-теперішінен таныс жалғыздық тауқыметі Абайды да айналып өтпегені айқын. Мұндай сипаттағы мұн өнің бүкіл шығармашылығының бітім-болмысынан кейде ашық, кейде астыртын түрде сезіліп тұрады. Мейлі, «достан да, дұшпаннан да» қалған көнілі қайғы құшсын, мейлі «катын-баланың қонағы» сияқты қораға қамалсын, мейлі, «ойлы адамға» бұл жалғанда «қызық» жоқ екенін ашына айтсын, тіпті орыс қауымындағы «артық адамның» образы – Онегиннің аузына: «Бұл заманның қашқыны деп, Мен ғаріпті есінде ал», – деген сөз салсын, – қайткенде де бұлардың арғы жағынан ақынның өзінің – дүниеден сұнып, дүрмектен сырттаған «қаны қара, жаны жара» кісінің трагедиялық тұлғасы оқшаулана мен мұндалайды.

ТҮСІНІКТЕР

1. Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны. Бұрын баспасөзде жарияланған. Қазақтың бас ақыны: халықаралық гылыми-теориялық конференция материалдары / құраст. С. Корабай. – Алматы: Дәуір, 2004. – 10-16-беттер.
2. Медетбеков Т. Менің Абайым! Бұрын баспасөзде жарияланған. Сөзстан (Жас қаламгерлер кітапханасы). – Алматы: Жалын, 1986.
3. Жұртбай Т. Қарақек. Бұрын баспасөзде жарияланған. Жұртбай Тұрсын. Құнанбай: тарихи және әдеби тұлға. – Алматы: Алаш, 2004. – 20-60-беттер.
4. Негимов С. «Қайтып шығар ілімнен...» Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
5. Шеріп А. Абайдың «жазуы мен айтуы»: жаңа ментальдік жолында. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
6. Жеменей И. Абай және әл-Фараби. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 65-75-беттер.
7. Ісімақова А. Абай мұрасы – бүтінгі рухани қажеттілік. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық гылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, – 2007. – 15-28-беттер.
8. Қамзин К. «Семипалатинские областные ведомости» газеті Абай айналасы туралы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
9. Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Тайшыбай Зарқын. Абайтану арнасында (1889-1916). – Петропавл, 2009. – 182-203-беттер.
10. Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам мұраты. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Фылым, 1995. – 155-167-беттер.
11. Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
12. Қоңыратбаев Т. Абай Құнанбайұлы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Әлемдік өнертану. III том. Музыка өнері. Тынысбек Қоңыратбай. 306-310-беттер.
13. Борбасов С. Абай тағылымы // Ақиқат. – 1995. – №1. – 61-64-беттер; Ақиқат. – 1995. – №2. – 61-63-беттер.
14. Шапай Т. Тынныштық метафорасы. Бұрын баспасөз бетінде жарияланған: Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 69-81-беттер.

15. Кемелбаева А. Гете мен Абай // Жұлдыз. – 2011. – №1; Жұлдыз. – 2011. – №2.
16. Ахметбекова А. Йасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 43-49-беттер.
17. Палтере І. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейіріне лексика-семантикалық талдау. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 77-81-беттер.
18. Сейітова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой сарындары. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 64-69-беттер.
19. Рахимов Қ. Абайдың даналық философия ғылымы деңгейіндегі көрінісі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 50-62-беттер.
20. Раев Қ. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2007. – 100-104-беттер.

МАЗМҰНЫ

Койгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының казақ тарихындағы орны	3
Медетбеков Т. Менің Абайым!	12
Жүртбай Т. Қаракөк	26
Негимов С. « Қайғы шығар ілімнен... »	68
Шеріп А. Абайдың «жазуы» мен айтуы: жаңа ментальдік жолында	76
Жеменей И. Абай және әл-Фараби	84
Ісімақова А. Абай мұрасы – бүтінгі рухани қажеттілік	91
Қамзин К. « Семипалатинские областные ведомости » газеті Абай айналасы туралы	106
Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі	124
Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам туралы	145
Ысқақұлы Д. Аудармадагы Абай дәстүрі	158
Қоңыратбаев Т. Абай Құнаанбайұлы	198
Борбасов С. Абай тағылымы	203
Шапай Т. Тыныштық метафорасы	219
Кемелбаева А. Гете мен Абай	234
Ахметбекова А. Йасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі	251
Палтөре Ы. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейіріне лексика-семантикалық талдау	258
Сейтова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой-сарындары	270
Рахимов К. Абайдың даниалық философия тылымы деңгейіндегі көрінісі	284
Раев К. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні	298
Түсініктеп	304

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VII том
Ойлар мен толғаныстар**

Күрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдиқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№9141

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 19,2 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №4356.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.